КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2025 жылы 16 шілде №4712-25-00-2/1688 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья А.А.Борашева,
сот отырысының хатшысы Г.Матжанованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтау электр желілері басқармасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер Бермаганбетов Әбдіғали Тәуірхатұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2.тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор –А.А.Ниязова
талап қоюшының өкілі –А.Мунатова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылы 3 қаңтарда тараптар арасында көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы №5-3ЦП келісім шарты (әрі қарай-Шарт) жасалған.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес жауапкер Шарт күшіне енген күннен бастап 2025 жылдың 31 желтоқсанға дейін Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша (өтінім келісу журналы және растайтын құжаттар арқылы

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ұсынылатын болады) Өлшеу құралдарын сенімдеу бойынша қызмет көрсету қажет.

Шарттың жалпы құны 759 980 теңге құрайды.

Талап қоюшы сотқа жүгініп, онда, жауапкер Шарт бойынша міндеттемесін орындамағанын, жауапкерге өтінім 31 қаңтар 2025 жылы веб-порталы арқылы жолданған, қызметті 15 күн ішінде, яғни 15 ақпан 2025 жылға дейін өз міндеттемелерін орындауға тиіс. Алайда жауапкер қызметтерді көрсетпеген, соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған.

Кейін талап қоюшы талап қоюын нақтылап, жауапкер Шарттың 7.7. тармағына қайшы, Шарт бойынша өз міндеттемелерін Тапсырыс берушінің алдын-ала жазбаша келісімінсіз біреуге беруіне байланысты жауапкер қызметтерді көрсетпеген, соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды және 14 440 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Талап қоюшы өкілі сот отырысында талап қоюды қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі сот отырысына қатыспады, сот отырысының өткізілетін орны мен уақытын біле тұра, белгісіз себептермен қатыспауына байланысты, сот азаматтық істі Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай-АПК) 196-бабына сәйкес қарауды ұйғарым етті.

Сонымен қатар, жауапкер өкілі талап қоюмен келіспей, жабаша қарсы пікір жолдап, Шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанын, яғни өлшеу құралдарын «Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы» АҚ-ның Маңғыстау облысы филиалы арқылы тексеру толық көлемде жүзеге асырылған, аталған шарттың қосымшасында көрсетілген әр бір электро өлшегішке тиісті сертификаттар берілген, жасалған жұмыстар бойыншга арнайы акт жасақталып тапсырыс берушіге аяқтай апарылған, алайда тапсырыс беруші мердігер тарабының жеке басында тиісті лицензия жоқ деп жұмысты қабылдаудан бас тартқанын көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Прокурор талап қою қанағаттандыруға жатады деген қорытындысын берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап қою бойынша

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (әрі қарай - Азаматтық Кодекс) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал осы Кодекстің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда – іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға

Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 23.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 26.08.2025, судья Борашева А. А., 28.08.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

тиіс.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай- Заң) 12 бабының 8–тармағының 4) тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Сот отырысында анықталғаны, Шарттың 8.1. тармағына сәйкес шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданылады делінген.

Шарттың 7.7.тармағына Өнім берушінің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін Тапсырыс берушінің алдын-ала жазбаша келісімінсіз біреуге не толық, не ішінара беруіне рұқсат етілмейді.

Алайда, жауапкер өлшеу құралдарын «Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы» АҚ-ның Маңғыстау облысы филиалы арқылы тексеру толық көлемде жүзеге асырылған.

Демек, жауапкер Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау үшін Тапсырыс берушінің алдын-ала жазбаша келісімінсіз «Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы» АҚ-ның Маңғыстау облысы филиалына берген.

Заңның 12-бабының 4) тармағына сай осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын және (немесе) шарттың талаптарын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы заңда көрсетілген мерзімде талап қоюды сотқа жолдаған.

Демек, талап қоюшы сотқа жүгіну мерзімін өткізбеген.

Істің мұндай тұрғысында сот, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы қанағаттандырылуға жатады деп табады.

№2 талап қою бойынша

Азаматтық кодексінің 293-бабында борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес делінген.

Сонымен қатар, тараптар арасында жасақталған шарттың 7.3. тармақшасына сәйкес қызмет көрсету мерзімдерін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 %

Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 23.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 26.08.2025, судья Борашева А. А., 28.08.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-нан аспауға тиіс.

Шарт бойынша жауапкер қызметтерді 2025 жылдың 16 ақпанға дейін орындауға міндетті болған.

Алайда жауапкер Шарттың міндеттерін тиісті түрде орындамаған.

Талап қоюшымен тұрақсыздық есебі мынадай 759 980 х 0,1% х 19 күн (17 ақпан 2025 жылдан -6 наурыз 2025 жылға дейін) = 14 440 теңге.

Сот, талап қоюшының бұл есебін дұрыс және заңға қайшы емес деп санайды.

АПК-нің 72 және 73- баптарына сәйкес, әр тарап өзінің негізі ретінде сілтеме жасайтын мән - жайларды дәлелдеуі тиіс. Дәлелдемелерді істі сот талқылауына дайындау сатысында бірінші сатыдағы сотқа ұсынады.

Егер дәлелдемелерді ұсынған тұлғалар оларды істі сот талқылауына дайындау сатысында ұсынудың мүмкін еместігін негіздесе, дәлелдемелер сот талқылауы сатысында ұсынылуы мүмкін.

Жауапкермен сотқа талап қоюшының талабын жоққа шығаратын ешқандай дәлелдемелер табысталмады.

Істің мұндай жағдайында, сот талап қоюшының пайдасына 14 440 теңге тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы талаптары қанағаттандырылуға жатады деп табады.

Сонымен қатар, АПК-нің 109-бабының 1-бөлігіне сай жауапкерден талап қоюшының пайдасына 433 теңге сот шығындары өндірілуге жатады.

Ал, АПК-нің 117-бабының 1-бөлігіне сай жауапкерден мемлекет пайдасына 1 966 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226,229-баптарын басшылыққа ала отырып,сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Ақтау электр желілері басқармасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорның талабы–қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Бермаганбетов Әбдіғали Тәуірхатұлын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Бермаганбетов Әбдіғали Тәуірхатұлынан Ақтау қаласы әкімдігінің «Ақтау электр желілері басқармасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорның пайдасына айыппұл 14

Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 23.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 26.08.2025, судья Борашева А. А., 28.08.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

440 (он төрт мың төрт жүз қырық) теңге және 433 (төрт жүз отыз үш) теңге сот шығындары өндірілсін.

Жеке кәсіпкер Бермаганбетов Әбдіғали Тәуірхатұлынан мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты – шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403,404-баптарын сақтай отырып, Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Маңғыстау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына беруі мүмкін.

Судья А.А.Борашева

Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 23.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 26.08.2025, судья Борашева А. А., 28.08.2025

4712-25-3-6/191